

Кеден ісі аясында қызмет жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты бұйрықтар шыққандығы туралы

2015 жылдың 4 мамырында күшіне енген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Кедендік декларациялау жөніндегі маманның біліктілік аттестатын беру қағидасын бекіту туралы» 2015 жылғы 25 ақпандағы № 124 бұйрығы шықты.

Бұл Қағидалар кедендік декларациялау жөніндегі маманның біліктілік аттестатын беру тәртібін айқындайды.

Кедендік декларациялау жөніндегі маманның біліктілік аттестатын алу үшін біліктілік емтиханын аумақтық мемлекеттік кірістер органдары, ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 32-бабының 3-тармағына сәйкес өткізеді.

Біліктілік аттестаттар біліктілік емтиханын жүргізген мемлекеттік кірістердің аумақтық органының жауапты лауазымды тұлғасы дайындайды.

Біліктілік аттестаттар мен бейджерге аумақтық органның басшысы (оны алмастыратын тұлға) қол қояды.

Кедендік декларациялау жөніндегі маманның біліктілік аттестаты немесе бейждері жоғалған (бүлінген), сондай-ақ тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда бұдан бұрын кедендік декларациялау жөніндегі аттестатты берген аумақтық мемлекеттік кірістер органына еркін нысандағы өтінішті:

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

мөлшері 3,5 x 4,5 сантиметр түрлі-түсті екі фотографияны қоса бере отырып ұсыну қажет.

Кедендік декларациялау жөніндегі маманның біліктілік аттестатының қолданылу мерзімі өзгерген жоқ - екі жылды құрайды.

Сондай-ақ, біліктілік емтихандарын жүргізу құқықтары бар аумақтық органдардың тізбесін, біліктілік емтихандарын жүргізу тәртібін, сондай-ақ біліктілік аттестаттың, бейждің және кедендік декларациялай жөніндегі мамандардың жеке нөмірлік мөрлерінің нысандарын бекітетін, «Кедендік декларациялау жөніндегі маманның біліктілік аттестатын берудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 238 бұйрығы шықты.

Осы бұйрық ол бірінші ресми жарияланғаннан күннен кейін күшіне енеді.

Сонымен қатар, кеден ісі аясында қызмет жүзеге асыратын тұлғалар қызметін реттейтін мына бұйрықтарға қол қойылды:

- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 9 сәуірде № 10653 тіркелген «Бажсыз сауда дүкендерінде тауарларды өткізу қағидаларын, бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізудің қосымша шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 134 бұйрық;

- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 30 сәуірде № 10909 тіркелген «Уәкілетті экономикалық операторлардың сауалнамасын, тізілімін және тізілімге енгізу туралы куәлігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 234 бұйрық.